

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекетік университеті
Дене тәрбиесі және спорт факультеті
Жалпы педагогика және музыкалық білім кафедрасы


Тәрбиенің мақсаты-нақты тарихи құбылыс

Орындаған: Түзел Дияна

Тобы: ФК-15-2к2

Қабылдаған: Нуридинова Гүльдана Адемовна

Жоспар

- Педагогикалық ұғымдардың бірі – тәрбие
 - Мақсат
 - Тәрбие мақсатының мазмұны неде, ол қалай айқындалады?
 - Ұлы ғалымдардың тәрбиенің мақсаты туралы айтқан негізгі ойлары
 - Тәрбиенің міндеттері
- 

Педагогикалық ұғымдардың бірі - тәрбие.



Тәрбие дегеніміз - адамдарды қоғамдық өмірге және өнімді еңбекке дайындау мақсатын көздеп, жаңа ұрпаққа қоғамдық-тарихи тежірибені беру процесі. *Тәрбие ұғымы кең мағынада* әлеуметтік қоғамдағы құбылыс ретінде барлық тәрбие салаларын, атап айтсақ: отбасы, мектепке дегінге мекеме, оқу тәрбие орындары, еңбек ұжымы, ақпарат құралдары, баспа орындарын қамтиды. Біздің мемлекетте бұл салалар қоғамдық, мемлекеттік мақсатқа қызмет етеді.

Кең мағынада деген ұғымда бүкіл сыртқы әсерлердің, адамды қоршап тұрған, табиғи және әлеуметтік ортаның, тәрбиешілердің мақсатты іс-әрекеттерінің ықпалымен адамды қалыптастыру.

"Тәрбие" ұғымы тар мағынада "Тәрбиеші тәрбиелейді", кең мағынада "Өмір тәрбиелейді" деп қолданудық тәрбие жайлы ұғымды анықтауда зор мәні бар.

Тәрбие - тар мағынада жеке тәрбиелік міндетті шешуге, жеке адамның белгілі бір қасиетін қалыптастыруға, меселен, эстетикалық талғамын тәрбиелеуге бағытталған жұмыс.

Тәрбие жаңа ұрпақты өмірге, еңбекке дайындау арқылы қоғамның алға қарай дамуын қамтамасыз ететін процесс. Тәрбие - педагогикалық кең мағынада қоғамның арнайы бөлінген адамдары - мұғалім, педагог, тәрбиешілердің басқаруымен жүргізілетін мақсатты үрдіс. Олар арнайы тәрбие жұмысын ұйымдастырып, жеке адамның қалыптасуына ықпал жасайтын жиынтық факторларды пайдалана отырып әрекше әдіс-тәсілдерді қолданады.

Тәрбие жайлы әр түрлі теориялар мен пікірлер айтылып келеді. Тәрбиені әресек адамдардық балаларға ықпал жасауы деп түсіндіруінілер де бар. Бұл жағдайда бала енжар объект түрінде қарастырылады. Ол педагогикалық процестің субъектісі бола алмайды, яғни, өздігінен ойланып, белсенді іс-әрекет жасай алмайды. Бұдан тәрбиеге бір жақты анықтама беру байқалады

Тәрбиенің мақсаты-нақты тарихи құбылыс

- ▣ Педагогтің кәсіби қызметі адамның барша іс-әрекетіндегідей мақсат қоюдан басталады. Педагогтің балалармен жүргізіп жатқан ісінде мақсат болмаса, ол істі кәсіпқой маманның жұмысы деп бағалауға болмайды, оны әншейін бір әрекет, тәрбиелік процеспен ешбір байланысы жоқ, жәй белсенділік деп түсіну керек.

Мақсатты сезіну әрқандай іс-әрекетке қуат береді. Ұлы да шапағатты мақсат адамның бар шығармашылық күшіне қанат беріп, оны өрістетте түседі. Мақсатқа жету адам бағытының негізі болған терең де толық қанағаттанушылық тудырады.

Тәрбие мақсаты - педагогика ғылымының өзекті категориясы. Оны нақтылау, жобалау, дайындау - педагогикалық тұжырымдар жасаудың арқауы.

- **Мақсат** – ғылыми категория және тұлғаның идеалдық моделі. Тәрбиенің мақсаты тұтас педагогикалық үдерістің жүйе түзуші факторы. Педагогикалық үдерістегі мақсаттардың иерархиясы.
- **Тәрбиенің мақсаты** нақты табиғи құбылыс. Педагогикалық ойлар тарихындағы тәрбие мақсаты туралы мәселелер. Тәрбиенің мақсаты-жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға ұғымын қалыптастыру
- **Әлемдік және ұлттық мәдениет** – тәрбие мақсатын анықтаудың әдіснамалық негізі. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының жас ұрпақты өз бетімен өмір сүруге тәрбиелеу мен дайындау мақсатына, міндеттеріне әсері.

□

Мақсат

- Мақсат - субъект санасында оның қоршаған ортамен өзара ықпал байланысынан туындайтын әрекеттің нәтижесі туралы ой болжамы. Демек, мақсат - жағдайлар себепті пайда болуынан, нақты болмыстан алынатындықтан - ол объективті құбылыс. Мысалы, өмірінде домбыра ұстап, үніне зер салмаған педагог балаға музыкалық тәрбие беруі мүмкін емес т.б. Мақсат объективті себептерден бастау алумен бірге субъективтік те категория, себебі ол сана туындысы, ол адам ойында пайда болып, әр нақты тұлғаның сана-сезімдік ерекшеліктерінің көрінісін береді. Ертедегі латындар айтқандай: "Екі адам зат жөнінде бір әңгіме айтуы мүмкін, бірақ бірінің әңгімесі екіншісіне ұқсамас". Бір мақсатты жалау еткен педагогтар, сол мақсаттың өзін әртүрлі баламада түсінеді, себебі олардың әрқайсысы кәсіби әрекеттің нәтижесінде өз сана деңгейінен баға береді.

- Мақсат дегеніміз - бір нәрсеге ұмтылу, іске асыру. Бұл тұрғыдан алғанда *тәрбие мақсаты* — жастарды өмірге әзірлеу мақсатымен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының нәтижесін ерте болжау. Тәрбиенің мақсаты мен жүйесі мемлекеттің саясаты мен экономикасына тәуелді. Тәрбие мен қоғам бір мезгілде пайда болды. Тәрбие қоғамдық құбылыс, онсыз қоғам өмірі ілгері дамымайды. Алғашқы қауымдық құрылыста ересектер балаларды еңбекке дағдыландыру үшін қауымның әдет - ғұрпын, салтын үйретті. Таптық қоғамда тәрбие мақсатын анықтау қоғамның ең негізгі мақсатына айналды. Құл иеленуші қоғамдық құрылыста құлдар, өндіріс құралдары (жер, еңбек құралдары) - құл иеленушілерінің жеке меншігі болды. Тәрбиенің мақсаты құл иеленушінің мүддесіне бағындырылып, балаларды басқыншылық соғыс өнеріне тәрбиеледі. Әрбір мемлекетте балаларға білім беру мен тәрбиені ұйымдастырудың нақтылы мәселелері мен әдістері қарастырылады. Мұғалім қандай адамды қалыптастыратынын дәл білуі керек. К. Д. Ушинский өз қызметінің айқын мақсатын көрмейтін тәрбиешіні құрылыс материалдарын бір жерге үйіп тастап, одан не алғысы келетінін білмейтін архитектормен салыстырады. Тәрбиеші жас ұрпаққа берілетін білім, іскерлік, дағдыны, тәрбиелейтін сезімді біліп, жоспарлы, мақсатты тәрбие жұмысын жүргізеді.

- Тәрбие мақсаты — ол педагогикалық процесс пен қоғамның қажеттілігіне қарай өзгеріп отырады. Тәрбие мақсаты қоғамның әлеуметтік сұранысына қарай және оның табысты орындалуы ұстаздың кәсіби дайындығына байланысты келеді. Ұстаздың қызметі мақсаттылығынан басталса, ал оқушылар оқу іс-әрекетінің мақсатын нақты ұғына отырып, тапсырманы орындауын бастайды.
- Тәрбие мақсаты — бұл қоғамның бетбұрысына, қандай мұраттарына қол жеткізуіне бағытталған. Тәрбие мақсаты -педагогиканың ең маңызды мәселесі. Мақсат-тәрбиенің жалпы мақсатылығынан, тәрбие жүйесінің сипатын айқындаушы ретінде келінеді. Мақсат пен міндет бүтін және бөлшек ретінде ара қатынаста болады, жүйесі мен оның компоненттеріне тәуелді. Қорыта айтқанда, тәрбиенің нақты тәрбие міндеттерінің жүйесі. »
Тәрбие мақсаты жалпы және жекеленіп келеді. Тәрбиенің мақсаты жалпы болып келгенде, яғни барлық азаматтарда сапалы құндылықтардың, ал жекеленіп келуі, яғни жеке тұлғаның қалыптасуын кездейді. Қазіргі заманда тәрбие жүйесіне қарай тәрбие мақсаты әр алуан болып келеді. Тәрбие мақсатының әр алуандығы тәрбиенің өте күрделілігін көрсетеді. Мақсаттылыққа объективтік себептер әсер етеді. Олар, дененің физиологиялық жетілу заңдылығы, адамның психикалық дамуы, философия мен педагогикалық ойдың жетістігі, ортаның үнемі қоғамның мүддесіне орай өзгеріп отыруы

Тәрбие мақсатының мазмұны неде, ол қалай айқындалады?

Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мақсатының мазмұны қоғамның өркениеттілігіне (цивилизациялану), оның демократиялық сипатына, экономикалық мүмкін-дігіне, педагогикалық жүйелер дамуын болжастыратын және нақты жағдайларды үйлестіріп отыратын мекемелеріне байланысты.

Мақсаттың жалпыланған сипаты жағдайлардың әртүрлі көрініске енуіне тәуелсіз, оның іске асып отыруын қамтамасыз етеді.

Мақсат әрекеті адамның саналық (идеялық) өнімі болғандықтан өте құбылмалы, тез өзгеріске түседі, себебі ол үздіксіз ауыспалы дүниемен, сонымен бірге өзгерістегі тұлғамен де әрекеттік-қозғалмалы байланыста болады. Тәжірибе, білім, оқиға т.б. адамды байытып отырады, бірақ құбылмалы сана иесі - субъект сол байлыққа жету жолында өзінің де өзгеріп жатқанын байқай бермейді, не оған тіпті мән бермейді. Мысалы, педагог "кеше" де, "бүгін" де өзін бір мақсат ұстағандай сезінеді, ал сырттан қарағанға, оның кәсіби педагогикалық ісінде өзгерістердің болғаны айдан анық байқалады. өмірдің өтпелі-ауыспалылығы мақсаттың да бір қалыпта өзгеріссіз қалмауына ықпал жасайды.

Мақсат пен мотив адам іс-әрекетінің мәндік бірліктері.

Мақсатсыз әрекет жоқ. Ал мотивсіз мақсат белсенділігі қарапайым әрекет шеңберінен аспайды.

Әрекетке итермелеуші ықпал - мақсат, ал сондай ықпалдық мотивтерде де бар. Мақсат пен мотив әрдайым бірге, іс-әрекеттің мазмұны мен сипатын анықтайтын құбылыстар. Мақсат - "субъект не істеп жатыр?" дегенге жауап. Мотив болса "субъект мұны не үшін істеп жатқанын", яғни ықпалдық себебін ашады.

Субъект, жалпылама болса да, мақсат пен мотивті айқындамағанша, іс-әрекетке бара алмайды. Мақсат болжастыру аймағында мотив екі себептік маңызға ие. Біріншіден, мотив іс-әрекет сипатына әсер етеді: қуат, күш салу, адалдық, нәтиже жолында белсенділік деңгейі, субъектің психологиялық қалпы. Екіншіден - мақсаттың мотивпен бірлесуі, мотивпен орын ауысуы. Мысалы, тұрмысын жақсарту ниетімен жігіт педагогикалық кәсіпті тандады. Алдыңғы мақсат мотивпен ауысты, енді оның мақсаты кәсіптік шеберлікті игеру болды, ал мақсатқа деген ұмтылысты әлеуметтік бағыт мотиві қолдап-қуаттайды.

Аты-жөні	Негізгі ойлары
Я. А. Коменский	<p>"Тәрбие мақсаты және міндеттері, маңызы, жүзеге асыру жолдары адамның қоғамда алатын орнымен анықталу керек", "Келесі ғасырдың қандай болатындығы сол ғасыр үшін тәрбиеленген азаматтарға байланысты. Дүние - даналардың көптігімен бақытты" - деген ойлар айтты. Осы ойларын "Ана мектебінің" кіріспесінде өрбітеді.</p> <p>"Тәрбие - адамды қалыптастыратын және жетілдіретін үйлесімді процесс" - деп Коменский тәрбие мақсатын төмендегі - дей негізгі элементтерге бөлді:</p> <ul style="list-style-type: none"> • адамға барлық заттарды білгізу - "ғылыми білім"; құлшылық ету - "діни тәрбие"; • тән саулығы - "дене тәрбиесі". • заттардың және өзінің қожасы ету - "адамгершілік"; • құдайға, заттарға
И. Г. Песталоцци	<p>Тәрбиенің мақсаты балаға бастауыш білім, еңбек, ақыл - ой, дене тәрбиесін беріп, жан - жақты және үйлесімді дамыту деген.</p> <p>Неміс педагогы А. Дистервег педагогикалық мәселелерді шешудегі сословиелік және шовинистік саясатқа қарсы күресіп, "Мектептің міндеті - адамзатты және өз халқын сүйетін саналы азаматтарды тәрбиелеу" - деген.</p>
К. Д. Ушинский	<p>К. Д. Ушинский тәрбиенің мақсаты қоғамға пайдалы, адамшылығы бар адамды тәрбиелеу деген. Ол адамгершілік тәрбиесін ақыл - ой, еңбек тәрбиесімен тығыз байланысты қарастырады.</p>

<p>П. П. Блонский</p>	<p>П. П. Блонский тәрбие мақсаты балаға жалпы адамзаттың және ұлттың мәдениетті меңгеруге көмектесу, жеке тұлғаның жалпы адамзаттық идеалдарын қалыптастыру деген.</p>
<p>А. С. Макаренко В.А.Сухомлинский</p>	<p>А. С. Макаренко тәрбиенің мемлекеттік міндеті негізінде педагогикалық міндет қойып, педагогтардың жұмысын бақылауға алуға болатындығын атап көрсетті. Ол "Тәрбиенің негізгі мақсаты баланы жан - жақты дамыту" - деген ұсынысты қолдады, В. А. Сухомлинский оны жүзеге асырды.</p>
<p>Әбу Насыр әл -Фараби</p>	<p>Тәрбие мақсаты қазақ тәлім - тәрбие тағылымына да қойылды. Ұлы ұстаз Әбу Насыр әл - Фараби "Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие берілуі керек. Онсыз берілген білім - адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі" - деді.</p>
<p>Ы. Алтынсарин</p>	<p>Ы. Алтынсарин "өмірдің негізгі мәні — еңбек, ол адамның адамгершілік қасиетін мәртебелендіреді, өмірдің шын қадірін тек еңбексүйгіш адам ғана түсіне алады. Мәнсіз еңбек, мағынасыз бейнетқорлық адамның жігерін мұқалтады, өз еңбегінің қызығын, рақат - ләззатын көре білу - кісіліктің басты белгісі" - деген.</p>
<p>А.Құнанбаев</p>	<p>Абай Құнанбаев талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым сынды жеке тұлғалық жақсы сапаларды қалыптастыру мақсатын қойып, өсек, өтірік, мақтаншақтың, еріншектік, бекер мал шашпақ сияқты зиянды әдеттерді жоюға шақырады.</p>

- Педагогтің тәрбие ұйымдастыруға байланысты кәсіби қызметінің мақсаты - тәрбие мақсатын анықтау, оны іске асыру. Ал осы педагогикалық іс-әрекеттің мотивтері неде?

Бұл тұрғыдан, педагогикалық мақсат мотивтері келесідей:

- 1. Қайшылығы көп, күрделі өмірге еніп жатқан сәбидің бақыты үшін қамқорлық;
- 2. Балалық шақтың сәулелі өтуіне көмек беру және адамға деген инабатты қатынас. Мұндай сипаттағы мотивтер педагогке кәсіптік және әлеуметтік келеңсіздіктерді елей бермей, ізгі мақсатқа жетуге жол ашады.

- Тәрбиені қоғамдық құбылыс ретінде түсіну мынадай фактілерді саналы меңгеруді қажет етеді:
- - Тәрбие – әлеуметтік тәжірибені мақсатты меңгеру және дамыту үдерісі;
- - Тәрбие адамның қоғамдағы өмірін қамтамасыз етеді;
- - Тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа беру үшін ересектер мен балалардың саналы қарым-қатынасы жүреді;
- - Тәрбиенің негізгі өлшемі – тұлға дамуының өмір талаптарына сәйкес келуі.
- Тәрбиенің басты қызметі – баланы іс-әрекетке тарту, оларға түрлі әрекеттерді жасата отырып, жинақталған адамзат тәрбиесін жаңғырту барысында өзінің қабілеттерін дамыту жағдайларын жасау болып табылады. Демек, тәрбие үдерісінің мәні адамзаттың жинақталған тәжірибесін меңгерту мақсатында тұлғаны түрлі іс-әрекетке қатыстыру болып табылады.

Тәрбиенің міндеттері:

- - Тұлғаның таланты, ақыл-ой қабілеттіктері мен денелік дамуына толық жағдай жасау;
- - Адам құқы және оның еркіне деген құрметті тәрбиелеу;
- - Баланың ата-анасына, мәдени ерекшелігіне, тіліне, өмір сүріп отырған елдің құндылықтарына құрметті дәлелдеу;
- - Баланы бейбітшілікті түсіну, шыдамдылық, достық және халықтар арасында өзара түсінісу бар ерікті қоғамдағы саналы өмір сүруге дайындау;
- - Қоршаған ортаға құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

- Тәрбие қойылған мақсатқа тікелей байланысты. Егер тәрбиені идеал нәтиже ретінде анықтасақ, онда тәрбиенің бірінші деңгейдегі мақсаты – тұлғаны жан-жақты дамыту болып табылады. Бұл орындауға ұмтыллатын мұрат-мақсат.
- Екінші деңгейде қойылатын мақсат – қоғамда белгілі бір іс-әрекетті атқаратын маман-тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Мұнда тәрбиенің әлеуметтік мәні, яғни қоғамға пайдалы тұлғаны дамытуға қатысты әлеуметтік сұраныс байқалып отыр.
- Үшінші деңгейдегі тәрбие мақсаты тұлғаның жеке мақсатымен анықталады. Бұл адам өмірінің мәнін анықтайды. Ол адамның туа бітті берілген мүмкіндіктерін толық ашып көрсетіп, өзінің табиғи ерекшеліктері мен қасиеттерін дамыту болып табылады.
- Бала құқығы туралы Конвенцияда (1989) білім беру және тәрбие мақсаты мен міндеттері нақты тұжырымдалған. Бұл құжатта тәрбие мақсаты- оқушы тұлғасының жан-жақты дамуына, тұлғаның қоғамда толық өзін байқатуына жағдайлар жасау деп көрсетілген.
- Тәрбие мақсаты оның міндеттері арқылы нақтылана түседі.